Астана Тазалық ЖШС
80940019334, мекен-жайы Астана қ,
Байқоңыр ауд, Ақжол көш 49/2

Қызметкерлерді/қызметкерлерді оқыту қызметтері бойынша 15127376-1 нөмірлі конкурсқа қатысты

«Гранат Торг» ЖШС шағымына байланысты

31.07.2025 жылғы №15489094 қорытынды хаттамаға сәйкес, 15127376-1 нөмірлі конкурстың жеңімпазы – «IDea Trade» ЖШС, ал екінші орын алған әлеуетті жеткізуші ретінде «TAQ Construction» ЖШС танылған.

«TAQ Construction» ЖШС-нің өтінімінде «Жаттықтырушыларды даярлау бойынша қосымша оқыту туралы растайтын құжатты ұсына отырып, жоғары гуманитарлық білімі бар жаттықтырушы» позициясы бойынша *Ұзақ Қанат Әбдісаланұлы* еңбек ресурсы ретінде ұсынылмаған. Тиісінше, аталған қызметкер бойынша **шағым қарауға жатпайды**.

Сонымен бірге, аталған позицияға екінші қызметкер ретінде журналистика (ТВ және мультимедиа мамандығы бойынша *Алмас Жангүл* ұсынылған. 2019 жылдың 10 желтоқсанындағы ҚР Білім және ғылым министрлігінің (ҚР БҒМ) №530 бұйрығымен бекітілген мамандықтар мен біліктілік жіктемесінде, «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» (медиаөндіріс) бөлімі қарастырылған. Атап өту керек, өтінімдегі аталған позицияға ұсынылған еңбек ресурсының біліктілігі тв және мультимедиа қызметін қамтиды, ал бұл өз кезегінде медиаөндіріс саласы ретінде өнер және гуманитарлық ғылымдар санатына жатады.

Сонымен қатар, ҚР БҒМ №600 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасында «Журналистика», «Медиа» бағытында жоғарғы оқу орнына түсу үшін арнайы шығармашылық емтиханнан өту көзделген, яғни шығармашылық емтихан өнер мен шығармашылық бағытының нысаны ретінде белгіленген әрі бұл **«Өнер және гуманитарлық ғылымдар» жіктемесіне сай келеді.**

Сондай-ақ, Сатып алуды ұйымдастырушының конкурстың еңбек ресурстары бөлігіндегі талаптарына сәйкес, аталған қызметкердің жаттықтырушы ретіндегі біліктілік сертификаты (№48-5, 14 маусым, 2025) қоса ұсынылған.

Осылайша, ұсынылған еңбек ресурсы Сатып алуды ұйымдастырушының біліктілік **талаптарына толық сай келеді** және шарттағы міндеттемелерді іске асыру бөлігінде жеткілікті.

«Менеджмент бағытында магистрлік дәрежесі бар, қазақ тілін С1 деңгейінен төмен білмейтін жоба жетекшісі» атты еңбек ресурсы бойынша Жақсыбай Рақат Жақсыбайұлының University College London университетінің диплом көшірмесі, Qazaq Resmi Test сертификаты, аталған дипломның нотариалды аудармасы және «Болашақ» түлегі ретіндегі анықтамасы қоса берілген. Еңбек ресурсының Жобалардың стратегиялық менеджменті мамандығы конкурстық құжаттар **талаптарына толық сәйкес келеді**.

Жоғарыдағыларды қарастыра келе, «Гранат Торг» ЖШС тарапынан ұсынылған шағымдар өз дәлелін тапқан жоқ және бұл «Taq Construction» ЖШС өтінімін кері қайтаруға негіз бола алмайды.

Тиісінше, «Гранат Торг» ЖШС тарапынан жазылған шағымды негізсіз деп тануды, ал қорытынды хаттаманы өзгеріссіз қалдыруды сұраймыз.

IDEA TRADE ЖШС директоры **Қанат Ұзақ**

(электронды қолтаңбамен расталған)